

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бөбөк және бақша кешені



Мираманова М.А.

# Ертеңгілік

Тақырыбы: «Ару көктем»

«Жұлдыз» мектепалды даярлық топ

Тәрбиеші: Бердімбетова Ж.

2022-2023

**Жүргізуші:** Ана – десем, сезім билер тым ыстық,  
Жарасымды адамдарға туыстық.  
Бар адамға берсе ананың мейірін,  
Орнар еді бар әлемде тыныштық.  
Құрметті ата-аналар, құрметті Мөлдір Балғабайқызы және ұжым мүшелері,  
сіздерді бүгінгі 8-наурыз аналар мерекесімен құттықтаймыз!  
Сәбилеріңіз сіздерге тек қуаныш пен шаттық сыйласын!  
Бүгінгі «Балдырған» ортаңғы тобының мерекелік ертеңгілігін ашып беру  
үшін сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі: Мөлдір Балғабайқызына  
береміз.  
Жарқын жүзді жан анам,  
Сендей болсын бар адам.  
Сендей болса бар адам,  
Шаттық кетпес баладан.  
Сендей болса бар кісі,  
Шексіз перзент алғысы.  
Хор: «Апатайым, анашым!»  
Би: «Ана-өмір шырағы»  
Ендігі кезекте балаларыңыздың аналарымызға арналған тақпақтарымызды  
қабыл алыңыздар.  
Алақаны ақ самал  
Мәпелеген жан анам.  
Көкте күнім батса да,  
Өзің күнсің балаға.  
«Күнім», «жаным» дегенді  
«Құлыншағым» дегенді,  
«Ботақаным» дегенді  
Ойлап тапқан аналар.  
О, халайық, жараңдар,  
Әжемді кім жамандар?  
Ақ тістері маржандай,  
Сенбесеңдер қарандар.  
Келбетіне көз салсаң,  
Көктемнің нұрлы шуағындай.  
Оймақ ауыз, күлім көз  
Өзі сұлу, ақылды.  
Сүйкімді біздің әжетай  
Сәлемді біздің қабыл ал.  
Бүгін наурыздың сегізі,  
Сұлулықтың негізі.  
Әдемі сөз адамның,  
Анаға айтар лебізі.  
Таусылмайды өлеңі  
Күнде айтып береді.  
Барған сайын бір жаққа,

Кәмпит әкеп береді.  
Әжем мені өйткені  
Өте жақсы көреді.  
Теңдесі жоқ данасың,  
Арқа тұтар панасың.  
Еңбегіңді ақтайын  
Аман болшы, анашым.  
Сөзімді дұрыстайтын, әже,  
Айғайлап ұрыспайтын әже.  
Қыдырса, ерте кететін әже,  
Ылғи да еркелететін әже.  
Жүре берсем қасында,  
Айбат анам, ай анам!  
Ботам деген даусынан  
Мен мәз болып оянам.  
Айналайын ақ мамам  
«Көктем аруы» «Көктем келді» әнімен келеді.  
Көктемде, көктемде,  
Күн нұрын төккенде.  
Көк шыбық былтырғы, Көктеді, гүлдеді.  
Саламатсындарма, балалар, міне күннің көзін жадыратып, қатқан мұзды  
жібітіп, әнші құстарды сайратып, сұлу көктем, мен де келдім орталарыңа.  
Қане көңілімізді көтеріп, бір серігіп алайық.  
Ал енді, балалар сендер менімен ойын ойнағыларың келе ме?  
Олай болса ортаға екі қыз бала шықсын. Бұл екі қыз бала анасына қалай  
көмектесе алатынын көрейік, тексерейік, жарайма.  
Шарты: Мұнда шашылып жатқан қағаздарды тез арада жинап, анасына арнап  
стол жасауы керек. (2стол, 2 құмыра, гүлдер, 2 жапқыш, төсеніш керек).  
Енді 4 ер бала шығуы керек және бір ана шықсын. Енді осы шығып тұрған  
ана балалардың ішінен өз баласын шатаспай табу керек.

### **Жүргізуші:**

Жаңбырменен жер көгерер,  
Өнерлі бала сүйкімді көрінер.  
Әжелерді құттықтап мейрамымен,  
Би билеп бүлдіршіндер дөңгеленер.

### **Би: «Тарантелла» биі**

Ендігі кезекте «Балдырған» ортаңғы тобының ұл балаларының мерекелік  
шағын көрінісін көріп тамашалаңыздар.  
Көрініс: Екі ер бала жатын киімімен ұйқы бөлмесінен жәй басып келіп столға  
жайғасып қыздарға арнап сыйлық жасай  
бастайды, осы кезде тәрбиеші апайы көріп қалып, балалар сендер мұнда не  
істеп отырсындар, қане орындарыңа барып жатындар- дейді.  
Азамат пен Жұбаныш- тиш-тиш апай үндемеңізші, қыздар оянып кетеді.  
Бүгін қыздардың мерекесі ғой, біз қыздарға арнап сыйлық дайындап  
жатырмыз. Қыздар ұйықтап жатқанда істеп қоймасақ олар көріп қояды ғой.

Сіз бізге ұрыспаңызшы- өтінеміз.

**Тәрбиеші апайы:**- А -а-а- мақұл, жарайды онда. Бүгін сендер ұмытып кетті ме- десем, азаннан бері осы түскі ұйқының уақытын күтіп жүр екенсіңдер ғой.

Азамат: Жұбаныш біздің жұмысымыз көбейді, бұл қыздардың ғана мерекесі емес, біздің апайларымыздың да мерекесі екен ғой, тездетпесек болмас, тездетіп жасайық досым.

Балалар:- Мінеки, дайын болды.

**Жүргізуші:** Олай болса, балалар, сыйлықтарыңды апайларың мен «Балдырған» ортаңғы тобының қыздарына тарту етулеріңе болады.

**Ән: «Тәтті» Орындайтындар: Шұғыла, Кәусар, Назым, Жұлдыз, Инжу, Жанель.**

Біздің аналарымызға арналған тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.

Ақ жүректе сақтаған  
Жарқын жүзің бақ маған  
Ақ бетіңнен сүйемін  
Келші, келші, ақ мамам  
Жарқын жүзді жан анам,  
Сендей болсын бар адам .  
Сендей болса бар адам,  
Шаттық кетпес баладан.  
Мерекесі бүгін ,  
Алтын анамның.  
Сыйлайыншы гүлін,  
Жарқын даламның.  
Өлең айтып би билер,  
Бағалаймыз еңбегін,  
Аман болсын аналар!  
Түнде сергіп жатпаған,  
Күндіз тыным таппаған.  
Бізсіз тамақ татпаған,  
Айналайын, ақ мамам  
Ақ анашым, аппағым,  
Өзің жайлы тақпағым.  
Өзің жайлы әнім де,  
Арнадым саған бәрін де  
Аналарды сүйеміз,  
Сөзін ойға түйеміз.  
Әжені де ардақтап,  
Әдеппен бас иеміз.  
Сенсің ана, жан күші,  
Сендей болсын бар кісі.  
Сендей болса бар кісі,  
Шексіз перзент алғысы.  
« Ана деп ән салам»

**Хор: Біздің аналарымызға арналған тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.**

Шалқып-тасып әніміз,  
Жадырасын жанымыз.  
Ана, сені құттықтап,  
Әндетеміз бәріміз.  
Әр сөзіңді жаттағам,  
Жүрегімде сақтағам.  
Анашым деп мақтанам,  
Айналайын ақ мамам!  
Ананың біз гүліміз,  
Ана – біздің күніміз,  
Ұландарды қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз!  
Бізді өсіріп баптаған,  
Жақсы болсақ шаттанған.  
Алтыным деп мақтаған,  
Айналайын ақ мамам!  
Күлімдеген көзі,  
Күннің нұрындай.  
Ұлым деген сөзі,  
Ақын жырындай.  
Баланың да тірегі,  
Даланың да тірегі.  
Шаршамасын ешқашан,  
Аналардың жүрегі.

**Хор: «Әжеммен қаламын»**

Ендігі кезекті «Ару қыздар» дефилесіне берейік.

Алдымен аруларымызды ортаға шақырмас бұрын, әділқазылар алқасын тағайындайық. Әділ қазылар қыздардың киім үлгілеріне, залда жүріп көрсете алуына жеке-жеке баға беріп отырады.

(Әділқазылар алқасы сайланады.)

Әділқазы мүшелері:

**Балабақшамыздың меңгерушісі:** М. Балғабайқызы

**Балабақшамыздың әдіскері:** А. Жұмағұлава

**Балабақша психологы:** М. Жүсіпқызы.

Қыз емес қыздың аты-қызыл алтын,

Көрінер толған айдай жүзі жарқын.

Үлкенді сыйлай білген қыз баласы,

Халқының сақтай білген ізгі салтын.- деп «Балдырған» ортаңғы тобының ару қыздарын қошеметпен ортаға шақырамыз. Жәй әннің әуенімен қыздар ортаға біртіндеп шығады.

Әділқазыларымыз дайын болғанша біздің аналарымызға арналған

тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.

Құрт пен майын жинаған,  
Балаларға сыйлаған.  
Бұл әжемнің өмірі ,  
Таусылмайтын жыр маған.  
«Ана» деген сөзді де,  
«Әке» деген сөзді де,  
«Ата» деген сөзді де  
Ойлап тапқан балалар.  
Сөздерді ең аяулы,  
Жақсы көріп жаттадым.  
Енді білдім оларды,  
Кімнің ойлап тапқанын.  
«Алысқа кетпе» дейтін әже,  
Келмесем өкпелейтін әже,  
Ойынға досым шақырып тұр  
Апама айтпай, жібересің бе, әже!.

**Би: «Тфай-тфай». Хор «Әжем менің тамаша»**

Ендігі кезекте әділқазыларымыздың шешімін тыңдайық. Ару қыздарымызды марапаттарымен құттықтай отырып «Балдырған» ортаңғы тобының ұлдарының дайындаған сый –сыйапатын қабыл алыңыздар. Осымен «Ана-өмір шырағы» атты мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз.  
Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет!  
Ағаштардан жамырап,

Ұшты кенет жапырақ.

Құрметті қонақтар, ата – аналар бүгінгі «Күз» атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар!